

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ**



**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҚТАРЫ МЕН «ӨСУ НҮКТЕЛЕРІНІҢ»
ҚЫЗМЕТІН СҮЙЕМЕЛДЕУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО СОПРОВОЖДЕНИЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЦЕНТРОВ
КОМПЕТЕНЦИЙ И «ТОЧЕК РОСТА»**

Астана 2025

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

Құзыреттілік орталықтары мен «өсу нүктелерінің» қызметін сүйемелдеу бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана, 2025. – 41 б.

Пікір жазғандар:

Жиенбаева С.Н., п.ғ.д., профессор;

Асқарбаева А. С., меңгеруші;

Бекенова М. Д., әдіскер.

Әдістемелік құралда құзыреттілік орталықтары мен «өсу нүктелерінің» қызметін сүйемелдеу бойынша ұсынымдар берілген.

Аталған әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына, әдіскерлері мен педагогтеріне арналған.

Әдістемелік ұсынымдар ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2025 жылғы 28 сәуірдегі № 5 хаттама).

Балаларды ерте дамыту институты, 2025 ж.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Мектепке дейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік саясат – тәрбиелеу - білім беру процесіне қатысушылардың жауапкершілігін арттыру арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын арттыруға, баланың отбасындағы және балабақшадағы өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қолжетімділікті кеңейту арқылы ерте жастан бастап балаларға тең бастапқы мүмкіндіктер беруге бағытталған.

2020 жылы Ел президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев мектепке дейінгі білім беруді қарқынды дамытуды және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың моделін әзірлеуді міндет етіп қойды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында 2021 жылы Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (ҚРҰ 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы) (бұдан әрі - Модель) әзірленіп бекітілді. Модель мектепке дейінгі білім беру жүйесін кешенді трансформациялауға түрткі болды.

Модельді іске асыру шеңберінде Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Үлгілік оқу жоспарлары, Үлгілік оқу бағдарламасы жаңартылды.

Баланы ерте жастан тәрбиелеу тәсілі түбегейлі қайта қаралды, онда педагогтің әрекеті балалардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне және ата-аналардың қажеттіліктеріне сәйкес күні бойы ойын форматында іске асырылады. Бұл балалардың белсенділігін арттыруға, әрбір баланың әлеуетін ашуға, сондай-ақ даму мен тәрбиелеу тәсілдерін өзгертуге ықпал етеді.

Бүгінгі күні мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істейтін педагогтер жоғары білім мен мәдениетке, эмоционалды интеллектке, ұйымдастырушылық қабілеттерге ие болуы қажет, бірақ балаларды жақсы көру мен оларға сенімділік таныту ерекше маңызды болып табылады.

Педагогтің біліктілігі ата-аналардың қанағаттану деңгейін және мектепке дейінгі ұйымның жетістігін айқындайды.

Аталған әдістемелік ұсынымдардың өзектілігі - құзыреттілік орталықтары мен «өсу нүктелерінің» қызметін сүйемелдеуге, олардың тиімді жұмыс істеуін және мектепке дейінгі білім берудің тәрбиелеу - білім беру ортасын, оның ішінде цифрлық трансформация жағдайына кіріктіруді қамтамасыз етуге бірыңғай тәсілді қалыптастыру қажеттілігімен байланысты.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты - құзыреттілік орталықтары мен «өсу нүктелерінің» қызметін сүйемелдеу болып табылады.

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҚТАРЫН ҚҰРУ

Модельді іске асыру шеңберінде оқу жоспары мен бағдарламасының икемділігін, нормативтік құқықтық сүйемелдеуді, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының өзгеруін қамтамасыз ету арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын трансформациялау бойынша зерттеулер мен ғылыми жұмыстар жүргізілді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы №408 бұйрығымен еліміздің 39 мектепке дейінгі ұйымдарында «Құзыреттілік орталықтары» пилоттық жобасы басталды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үздік тәжірибелерін тарату және тәрбиешілердің кәсіби әлеуетін арттыру үшін 79 мектепке дейінгі ұйым базасында тұрақты негізде ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы №192 бұйрығымен шілде айында «Құзыреттілік орталықтары» құрылды.

https://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/npa/2023/07/prikaz_r_04.PDF .

2024 жылдың соңында олардың саны 202 бірлікке дейін артты.

Бүгінгі күні құзыреттілік орталықтарының саны - 233 бірлікті құрайды.

Құзыреттілік орталықтарын анықтау үшін критерийлер әзірленді, онда мыналар:

- балабақшаның материалдық-техникалық жабдықталуы;
- қызметінің бағыты;
- қол жетімділігі мен қауіпсіздігі;
- педагогтердің білім деңгейі мен кәсібилігі (МДҰ педагогтерінің авторлық бағдарламаларының болуы);
- жұмыс істеп тұрған консультациялық пункттердің жұмысы ескерілді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда құзыреттілік орталықтары мен «өсу нүктелерін» құру және оларды дамыту мектепке дейінгі білім беру қызметтерінің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған білім беруді жаңғырту саласындағы мемлекеттік саясаттың бөлігі болып табылады.

Тұрғылықты жері мен әлеуметтік жағдайына қарамастан барлық балалар үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге, сондай-ақ баланың тұлғасын жан-жақты дамытуға бағытталған жұмыстың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізуге ерекше көңіл бөлінуде.

Қазіргі кезде мектепке дейінгі және орта білім беру бағдарламаларын үндестіру мақсатында 202 құзыреттілік орталықтары тірек мектепке дейінгі ұйымдар болып белгіленді және тірек орта білім беру ұйымдарына бекітілді. 2025 жылға арналған тірек балабақшалардың, тірек консультациялық пункттер мен тірек мектептердің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету бойынша қадамдық іс-қимыл жоспары әзірленді (*Қосымша*).

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҚТАРЫ МЕН «ӨСУ НҮКТЕЛЕРІНІҢ» ҚЫЗМЕТІН СҮЙЕМЕЛДЕУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

Құзыреттілік орталықтары өз қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес іске асырады.

Құзыреттілік орталықтарының **мақсаты** - мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы озық педагогикалық тәжірибені мектепке дейінгі ұйымдарға тарату және енгізу.

Міндеттері:

- ата-аналардың педагогтермен және мектепке дейінгі ұйыммен ынтымақтастығын дамыту және нығайту;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогтерінің кәсіби деңгейін арттыру;
- сапалы білім беру қызметтерін көрсетуде мектепке дейінгі ұйымдардың әлеуетін арттыру.

Құзыреттілік орталықтарының қызметі:

- қызығушылық орталықтарын ұйымдастыру арқылы трансформацияланатын заттық-дамытушы ортаны жабдықтайды;
- балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, түрлі балалар әрекеті арқылы ойын түрінде тәрбиелеу- білім беру процесін іске асырады;
- тірек мектептермен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

Заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру. Құзыреттілік орталықтары қызметінің негізгі шарттарының бірі - қауіпсіз, жайлы заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру болып табылады. Үй-жайлар мен топтың ішінде қызығушылық орталықтары нақты бөлінуі қажет.

Қызығушылық орталықтарын тек топ бөлмесінде ғана емес, сонымен қатар жатын, қабылдау бөлмелерінде, егер жағдай жасалған болса, балабақшаның дәлізінде де ұйымдастыруға болады.

Қызығушылық орталықтарын аласа сөрелермен, үстелдермен, ойын жабдықтарымен немесе жұмсақ төсеніштермен бөлуге болады. Ойынға арналған орын мен қызығушылық орталықтарын тәрбиеленушілердің жастарына сәйкес материалдармен және ойыншықтармен жабдықтау қажет. Материалдар мен ойыншықтарға еркін қол жетімділікті қамтамасыз ету маңызды.

Заттық-дамытушы ортадағы барлық материалдар тәрбиеленушілерді қызықтыратындай және олардың дамуына септігін тигізетіндей болуы, яғни, барлық заттар, құрал-жабдықтар мен кеңістік (қабырғалар, еден, төбе) білім беру ресурсы ретінде қолданылуы тиіс.

Баланың өзі орналасқан кеңістікті қолдану мүмкіндігі болған жағдайда, ол маңызды және құнды тәжірибе алады, өзін осы кеңістіктің иесі және субъектісі ретінде сезінеді.

Заттық - кеңістіктік дамытушы ортаны жетілдіру үшін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулықты қолдану ұсынылады

http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/2022/12/rukovodstvo_kz_131222.pdf.

Тәрбиелеу-білім беру процесін жүзеге асыру. Тәрбиелеу-білім беру процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес іске асырылады.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес Құзыреттілік орталықтарының негізгі міндеттері (*ҚР ОАМ 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы*):

- мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау;

- тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау.

«Білім туралы» ҚР Заңы шеңберінде Құзыреттілік орталығының басшысы ұйымды тікелей басқаруды жүзеге асырады, тәрбиелеу мен оқытудың, еңбек пен демалыстың салауатты және қауіпсіз жағдайларын жасауға, кадрларды іріктеуге, орналастыруға және қызметкерлердің нормативтік құқықтық актілерге сәйкес лауазымдық міндеттерін орындауын бақылауға жауапты болады.

Балалардың құқықтарын бұзу жағдайларының жиілеуіне байланысты балалардың күні бойы қауіпсіз болуының алдын алу және ескерту үшін тәрбиелеу-білім беру процесіне тиісті бақылауды қамтамасыз ету, алдын алу іс - шараларын уақтылы жоспарлау және баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды жою жөнінде тиісті шаралар қабылдау ұсынылады.

Педагогтер балаларда барлық режимдік сәттерде қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға ерекше назар аударуы керек.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу кезінде педагог түсіндіруге уақытты көп бөлмей, оның орнына көрсетуге, балалардың әрекеттерді орындауына (іс-әрекеттерге, ойындарға, пікір алмасуға, зерттеулерге, ойдан әңгіме құрастыруға, сурет салуға, шешім шығаруына) мән беруі қажет.

Педагог әрекетінің алгоритмі:

- балаларға айтып беру;
- балаларға көрсету;
- балалармен бірге орындау.

Ұйымдастырылған іс-әрекет тек топ бөлмесінде ғана емес, сондай-ақ жатын, қабылдау бөлмелерінде, арнайы кабинеттерде (бар болған жағдайда), дәліздерде, ойын алаңдарында және т.б. балаларға қауіпсіз, жайлы жағдайларда өткізу ұсынылады.

Құзыреттілік орталықтарының әдістемелік жұмысының мазмұны педагог кадрлардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға, мектепке дейінгі ұйым жұмысының сапасын арттыруға бағытталған және 3 бағытта жүргізіледі.

1. Педагогті дамытуға бағытталған жұмыс:
 - әрбір педагогтің білімін байыту (теориялық және практикалық);
 - педагогті шығармашылық әрекетке ынталандыру;
 - педагогикалық шеберлікті дамыту.
 2. Ұжымның шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған жұмыс:
 - тәрбиелеу-білім беру процесінің нақты нәтижелерін талдау;
 - балалардың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін талдау;
 - ұжыммен әзірленген авторлық бағдарламаларды, жоспарларды, құралдарды талдау;
 - озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, анықтау және тарату.
 3. Тәрбиелеу - білім беру процесін жетілдіруге және мектепке дейінгі ұйымның басқа білім беру ұйымдарымен ынтымақтастығын дамытуға бағытталған жұмыс:
 - мектепке дейінгі ұйымның қызметін қамтамасыз ететін нормативтік құжаттардың талаптарын сақтауға және іске асыруға көмектесу;
 - озық және инновациялық тәжірибенің жетістіктерін енгізу;
 - мектепке дейінгі ұйымнан тыс ұжымның озық тәжірибесін тарату.
- Сонымен қатар, Құзыреттілік орталықтары қызметінің негізгі бағыттарының бірі - ата-аналарды тәрбиелеу - білім беру процесіне тарту болып табылады. Бұл жағдайда ата-аналар белгілі бір іс-шараларға қатысуы үшін Ашық есік күндерін өткізу ұсынылады.
- Ашық есік күнін түрлі нысанда өткізуге болады:
- әдістемелік консилиумдар – проблемалар мен жетістіктерді бірге талқылау, тәрбиелеу - білім беру процесін талдау, бағдарламалар мен жоспарларды түзету бойынша ұжыммен шешімдер қабылдау;
 - семинарлар мен шеберлік сыныптары – үздік педагогикалық тәжірибе мен технологияларды көрсете отырып, мектепке дейінгі білім берудің өзекті мәселелері бойынша оқыту іс-шараларын өткізу;
 - тәжірибеге бағыттылған зертханалар – әдістемелер мен технологияларды, дамытушы органы ұйымдастыру нысандарын апробациядан өткізу үшін эксперименталдық және инновациялық алаңдарды ұйымдастыру;
 - педагогикалық шеберханалар – білім беру бағдарламаларын, ойындарды, дидактикалық материалдар мен жобаларды әзірлеуге бағытталған шағын шығармашылық топтардың жұмысы;
 - әдістемелік апталар мен онкүндіктер – тәрбиелеу - білім беру процесіне барлық қатысушыларды тарта отырып, бір тақырыпқа (мысалы, цифрлық оқыту, инклюзия, жобалау әрекеті) кіріктірілген іс-шаралар топтамасын өткізу;
 - консультациялық пункттер мен онлайн-платформалар – вебинарларды, чаттарды, форумдарды, ресурстары бар дерекқорларды қоса алғанда, онлайн және қашық форматта тұрақты әдістемелік қолдау;
 - әдістемелік квесттер мен педагогикалық марафондар – бастамашылдықты, командалық жұмысты дамытуға және практикалық

ізденістермен алмасуға бағытталған кәсіби өзара іс-қимылдың интерактивті нысандары;

- көрмелер, презентациялар, дөңгелек үстелдер - жұмыстың нәтижелерін көрсету, негізгі мәселелерді талқылау және мектепке дейінгі білім беру саласындағы тиімді шешімдермен алмасу.

Жұмыстың аталған нысандарын қолдану педагогтерді кешенді, икемді және атаулы қолдауды қамтамасыз етеді, оларды кәсіби құзыреттілігін арттыруға ынталандырады және құзыреттілік орталықтары мен «өсу нүктелерінің» мақсаттарын іске асыру шеңберінде педагогикалық қауымдастықтың бірлігін нығайтады.

Құзыреттілік орталықтарының қызметін кешенді сүйемелдеуді әдістемелік кабинеттер жанында құрылған мобильді топтар жүзеге асырады. Мобильді топтар Құзыреттілік орталықтарына әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді, жұмыстың тиімділігін талдайды және зерделейді.

Тірек балабақшалардың (Құзыреттілік орталықтарының) тірек мектептермен өзара іс-қимылы

Балабақша мен мектеп арасындағы өзара іс-қимыл Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын, сондай-ақ Мектепке дейінгі және орта білім беру бағдарламаларын үндестіру мақсатында тірек балабақшалардың, тірек консультациялық пункттердің және тірек мектептердің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету бойынша 2025 жылға арналған қадамдық іс-қимыл жоспарын іске асыру мақсатында түлектердің балабақшадан мектепке біртіндеп біртіндеп үйренуіне жағдай жасауға бағытталған.

Өзара іс-қимылдың негізгі міндеттері:

- мақсаттарды, міндеттерді, мазмұнды, сондай-ақ белгіленген нәтижелерге қол жеткізу жолдарын айқындаудың бірыңғай тәсілдерін әзірлеу;

- тәрбиелеу-білім беру процесіне барлық қатысушылардың — мұғалімдердің, тәрбиешілердің, балалар мен олардың ата-аналарының жайлы өзара іс-қимылы үшін жағдай жасау. Тірек балабақшалардың тірек мектептермен өзара іс-қимылы бойынша жұмысты ұйымдастыру үшін Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі ұйымның орта білім беру ұйымымен өзара іс-қимылы бойынша

ұсынымдарды қолдану ұсынылады
<http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/2025/04/d-k1410.pdf>

ҚОРЫТЫНДЫ

Озық педагогикалық тәжірибені тарату және енгізу мақсатында республиканың мектепке дейінгі ұйымдарының базасында Құзыреттілік орталықтары мен «өсу нүктелері» құрылды, олар мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогтерінің кәсіби деңгейін және сапалы білім беру қызметтерін көрсетуде мектепке дейінгі ұйымдардың әлеуетін арттырады.

Сонымен қатар, тиімді сүйемелдеу жүйесін құру білім беру қауымдастығында инновацияларға, өзін-өзі дамытуға және өзара әрекет етуге дайын педагогтердің заманауи кәсіби мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл білім беруді цифрлық трансформациялау, ата-аналардың білім беру процесінің толыққанды қатысушылары ретінде рөлін арттыру, сондай-ақ оқытуда инклюзивті және гуманистік тәсілдер қағидастарын іске асыру міндеттері тұрғысынан өзекті болып табылады..

Заманауи білім беру табысты әлеуметтік бейімделу мен әлеуметтену, білім берудің тиімділігі, келешек кәсіби қызмет үшін қажетті қабілеттерді іске асыруға бағытталған жаңа тәсілдер мен шешімдерді енгізуді талап етеді.

Құзыреттілік орталықтары мен «өсу нүктелерінің» қызметін сүйемелдеу бойынша әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің біліктілігін арттыруға, олардың әдістемелік портфолиосын толықтыруға, мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасына, тәрбиешілердің кәсіби дамуы үшін жасалатын жағдайларға назар аударуға арналған.

Осылайша, Құзыреттілік орталықтары мен «өсу нүктелерінің» қызметі мектепке дейінгі ұйым қызметінің маңызды компоненттерінің бірі болып табылады.

«БЕКІТЕМІН»

Қазақстан Республикасының

Оқу-ағарту бірінші вице-министрі

Н. Жумадильдаева

2025 жыл



Мектепке дейінгі және орта білім беру бағдарламаларын үндестіру мақсатында тірек балабақшалардың, тірек консультациялық пункттердің және тірек мектептердің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету бойынша 2025 жылға арналған қадамдық іс-қимыл жоспары

№	Іс-шаралар	Қадамдық алгоритм	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Орындаушы
1. Ұйымдастырушы іс-шаралар. Рейтинг өткізу					
1.	Тірек мектепке дейінгі ұйымдарды (ТМДҰ) анықтау	Құзыреттілік орталықтары (ҚО) ретінде ТМДҰ-ны анықтау бойынша критерийлер әзірлеу	Бағалау критерийлері	Ақпан	БЕДИ М.Н. Ерманова
		ТМДҰ-ның ҚО-ның критерийлеріне сәйкестігін анықтау	Талдамалық анықтама	Наурыз	БЕДИ М.Н. Ерманова ЖАО
		Өңірлер бөлінісінде ҚО-ның тізбесін қалыптастыру	Тізбе	Қыркүйек	БЕДИ М.Н. Ерманова Әдістемелік орталықтар/ әдістемелік кабинеттер

2.	Мектепке ұйымдардың рейтингін өткізу	дейінгі (МДҰ)	МДҰ-ның рейтингін өткізу бойынша түсіндіру жұмысы	Талдамалық анықтама	Қаңтар	МДБД М.Е. Адамова БЕДИ М.Н. Ерманова ЖАО БЕДИ М.Н. Ерманова ЖАО
			МДТО-ның сапасын бағалау критерийлеріне сәйкес «ресурстық» МДҰ-ны анықтау			
			МДТО-ның сапасын бағалау критерийлеріне ішінара сәйкес «магнитті» МДҰ-ны анықтау			
			МДТО-ның сапасын бағалау критерийлеріне сәйкес келмейтін «тірек» МДҰ-ны анықтау			
3	Тірек мектептердің (ТМ), МДҰ-ның (ҚО-ның), КП- ның өзара іс-қимылы		ТМДҰ-ның (ҚО) ТМ-мен сабақтастығының негізгі критерийлерін әзірлеу	Критерийлер	Ақпан	БЕДИ, ҰБА М.Н. Ерманова БЕДИ М.Н. Ерманова
			Білім беру аймақтарында ТМ-ге ТМДҰ-ны (ҚО) бекіту картасын әзірлеу	Бекіту картасы	Ақпан	ЖАО
			Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес ТМДҰ- да (ҚО) ата-аналарға арналған КП-нің қызметін кеңейту	Есеп	Маусым Желтоқсан	МДБД М.Е. Адамова
			Білім басқармаларымен және бөлім бөлімдерімен, әдістемелік орталықтармен/ кабинеттермен түсіндіру жұмысын жүргізу	Ақпарат	Ақпан	БЕДИ М.Н. Ерманова
4	«Магнитті» және «мақсатты» МДҰ-да МДТО-ның сапасын арттыру		ТМДҰ-ның (ҚО) «ресурстық», «магнитті», «мақсатты» МДҰ-мен өзара іс-қимыл тетігін әзірлеу	Критерийлер	Ақпан	БЕДИ М.Н. Ерманова
			ТМДҰ-ның (ҚО) «ресурстық», «магнитті», «мақсатты» МДҰ-мен бекіту карталарын әзірлеу	Бекіту карталары	Ақпан	БЕДИ М.Н. Ерманова

		Білім басқармаларымен және бөлім бөлімдерімен, әдістемелік орталықтар/кабинеттермен түсіндіру жұмысын жүргізу	Ақпарат	Ақпан	МДББД М.Е. Адамова
		МДТО-ның сапасын жақсарту үшін «магнитті», «мақсатты» МДҰ-ның қызметін талдау	Талдамалық анықтама	Маусым Желтоқсан	БЕДИ М.Н. Ерманова
2. Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету					
5.	Нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу	Бастауыш білім берудің МЖМС-на өзгерістер енгізу	Бұйрық	Қаңтар	ОБК Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА
		Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына өзгерістер енгізу	Бұйрық	Қаңтар	ОБК Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА
		Бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізу	Бұйрық	Ақпан	ОБК Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА
		Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Үлгілік бағдарлама) өзгерістер енгізу	Бұйрық	Тамыз	МДБД БЕДИ
3. Әдістемелік сүйемелдеу					
6.	Жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру	«Балақайлар мектебі» мектепалды даярлықтың қысқа мерзімді бағдарламасының» мазмұнын жаңарту	Бағдарлама	Мамыр	МДБД БЕДИ
		«Балақайлар мектебінің» қызметін ұйымдастыру	Ақпарат	Маусым-тамыз	ЖАО

		МДҰ-да мектепалды жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын бекіту бойынша жұмыс жүргізу	Ақпарат	Маусым-шілде	ЖАО
7.	Әдістемелік материалдар әзірлеу	Ата-аналарға арналған мобильді консультациялық пункттердің қызметін кеңейту, оның қызметін ұйымдастыру және әдістемелік сүйемелдеу бойынша әдістемелік ұсынымдар	Ұсынымдар	Ақпан	БЕДИ
		Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету бойынша мектепке дейінгі ұйымның орта білім беру ұйымымен өзара іс-қимылы жөніндегі ұсынымдар	Ұсынымдар	Наурыз	БЕДИ
		ТМДҰ-дың (ҚО) қызметін сүйемелдеу бойынша әдістемелік ұсынымдар	Әдістемелік ұсынымдар	Наурыз	БЕДИ
		2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат	Әдістемелік нұсқау хат	Маусым	БЕДИ
		Жалпы білім беретін мектептердің, (лицейлер мен гимназиялардың) мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар	Әдістемелік ұсынымдар	Тамыз	БЕДИ
		«1-сынып білім алушыларын мектепке бейімдеу» вариативтік курсының оқу	Әдістемелік ұсынымдар	Қараша	Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА

		бағдарламасына әдістемелік ұсынымдар			
		Балаларды ерте дамыту институтының сайтында әдістемелік материалдарды орналастыру	Әдістемелік материалдар	Жыл бойы	БЕДИ
4. Мектепалды топтардағы/сыныптардағы тәрбиелеу-білім беру процесі					
8.	Үлгілік бағдарламаны іске асыру	Мектеп, оқушылар, мұғалімдер туралы әңгімелесу	Ақпарат	Оқу жылы	ЖАО
		Мектеп туралы өлең оқу және мазмұндау			
		«Балабақша», «Мектеп» сюжетті-рөлдік ойындары			
		«Мектепке портфелінді жина», «Мектепте кім жұмыс істейді?» дидактикалық ойындары			
		Мектепке экскурсия, оның ішінде онлайн тәртібінде «Мектепке саяхат»			
		«Мен болашақ 1-сынып оқушысымын» балалар суреттерінің көрмесі			
9.	Мектепалды жасындағы балалардың Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру деңгейіне мониторинг жүргізу	Бастапқы мониторинг жүргізу	Талдамалық анықтама	Қыркүйек	ЖАО БЕДИ МДБД
		Аралық мониторинг жүргізу		Қаңтар	
		Қорытынды мониторинг жүргізу		Мамыр	
10.	Барлық жас топтарында Бала дамуының жеке картасы (Жеке карта)	ҰБДҚ АЖ-да Жеке картаны толтыру	ҰБДҚ АЖ-да Жеке карта	Мамыр	ЖАО А. Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ҰЗББО

	негізінде баланың даму траекториясын анықтау	ҰБДҚ АЖ-да «Педагог портфолиосына» Жеке картаны орналастыру		Маусым	А.Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ҰЗББО
		Білім беру процесінде 1-сынып мұғалімінің Жеке картаны басшылыққа алуы		Қыркүйек	ЖАО
		КП-да баланың мектепте оқуға дайындық деңгейін анықтау, отбасы жағдайында баланың дамуын бақылау құралы ретінде Жеке картаны толтыру бойынша ата-аналар үшін консультациялар өткізу	Консультациялар	Маусым-Тамыз	ЖАО
5. Орта білім беру ұйымдарындағы оқу процесі					
11.	1-сыныптағы білім алушыларды мектеп өміріне бейімдеу	«1-сынып білім алушыларын мектепке бейімдеу» вариативтік курсының оқу бағдарламасын іске асыру	Ақпарат	Қыркүйек	ЖАО ОБК Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА
		Балалардың мектепте оқуға бейімделу деңгейі туралы педагог-психологтің қорытындысы			ЖАО
		1-сынып білім алушыларының үлгерімін талдау			
12.	1-сыныпқа арналған вариативтік курстар (мұғалімнің таңдауы бойынша 0,5 сағат)	Білім алушылардың оқу сауаттылығын дамыту курстары	Ақпарат	Оқу жылы	Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА ЖАО
		Білім алушылардың математикалық сауаттылығын дамыту курстары			
		Білім алушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын дамыту курстары			

6. Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру ұйымдарының бірлескен іс-шаралары

13.	Бастауыш сынып мұғалімдерінің МДҰ-дағы іс-шараларға қатысуы	Балаларды 1-сыныпта оқуға сапалы мектепалды даярлау мәселесі бойынша педагогикалық кеңес	Хаттама	Қыркүйек Мамыр	ЖАО МДҰ
		«Балаларды мектепте оқуға сапалы даярлаудың басым бағыттары» тақырыбында мектепалды топтары мен мектепалды сыныптары педагогтерінің бірлескен семинары	Ұсынымдар	Қазан	ЖАО МДҰ, мектепалды сыныптарымен мектептер (лицейлер, гимназиялар)
14.	МДҰ-ның және бастауыш сынып педагогтерінің өзара ықпалдастығы	Тірек мектептердегі (лицейлердегі, гимназиялардағы) «Ашық есік күні»	Ақпарат	Қараша	ЖАО мектептер (лицейлер, гимназиялар)
		Білім беру ұйымдарының әлеуметтік желілерінің парақшаларында, сайттарында ақпарат орналастыру			
		Мобильді топтардың қатысуымен Үлгілік бағдарламаны іске асыру бойынша мектепалды топтар мен мектепалды сынып педагогтерінің бірлескен аудандық семинары	Ұсынымдар	Қараша	ЖАО МДҰ, мектепалды сыныптарымен мектептер (лицейлер, гимназиялар)
		Балаларды мектепке дайындау бойынша бастауыш сынып мұғалімдерінің МДҰ-ның педагогтерімен бірлескен жұмысының тиімділігі туралы педагогикалық консилиум	Ақпарат	Желтоқсан	ЖАО МДҰ

		Тірек мектептерге арналған құзыреттілік орталықтарындағы Ашық есік күні	Ақпарат	Наурыз	
		Мобильді топтардың қатысуымен Үлгілік бағдарламаны іске асыру бойынша мектепалды топтар мен мектепалды сынып педагогтерінің бірлескен облыстық семинары	Ұсынымдар	Наурыз	
		Бастауыш мектепте «Алғашқы қадам» апталығын өткізу	Ақпарат	Наурыз	
		«Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы» тақырыбында практикалық семинар	Ұсынымдар	Сәуір	
		Үздік педагогикалық тәжірибелермен алмасу	Жинақ	Сәуір	Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, БЕДИ, ЖАО
7. Ата-аналармен жұмыс					
15.	Тәрбиеленушілердің ата - аналарына арналған іс-шаралар	Мектепалды жасындағы балалардың ата-аналары үшін мектепке виртуалды экскурсия	Ақпарат	Ақпан	ЖАО МДҰ
		балабақшада мектеп педагогтерімен бірлесіп «Балаңыз – болашақ оқушы» тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізу	Хаттама	Сәуір	
		Балаларды 1-сыныпта оқуға дайындау бойынша қадамдық материалдары бар ақпараттық бұрыш	Ақпарат	Оқу жылы бойы	
16.		1-сыныпқа қабылдау үшін құжаттарды тапсыру рәсімін түсіндіру	Ақпарат	Наурыз-мамыр	ЖАО МДҰ

	Баланың 1-сыныпқа баруы үшін мектепті (лицейді, гимназияны) анықтау	1-сыныпқа қабылдау бойынша түсіндіру жұмысын жүргізу Ата-аналардан түскен өтініштерге апта сайын мониторинг жүргізу 1-сыныпқа қабылдау туралы ақпараттық бұрыш			
17.	Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің қызметін ұйымдастыру	Ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту, оның ішінде мектепалды даярлық мәселелері бойынша кеңес беру Консультациялық пункттерге, мектепке дейінгі топтар мен сыныптарға баратын балалардың мектепке дайындығына психологиялық диагностика жүргізу «Беске дейін үлгер» мобильді қосымшасын енгізу	Ақпарат	Оқу жылы бойы Мамыр	ЖАО МДҰ
			Ақпарат	Желтоқсан	ЖАО МДҰ

8. Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру ұйымдарының педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу

18.	Белгіленген тақырып бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына, педагогтеріне және мектепке дейінгі топтар/сыныптар педагогтеріне арналған біліктілікті арттыру курсының (БАК) білім беру бағдарламасын (БББ) әзірлеу	БАК БББ әзірлеу бойынша жұмыс тобының құрамын бекіту БАК БББ әзірлеу туралы бұйрық БАК БББ әзірлеу БАК БББ-ға ішкі сараптама жүргізу ҚР ОАМ-нің Сараптамалық кеңесімен БАК БББ-ны келісу БАК БББ-ны бекіту туралы бұйрық Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік	БАК БББ	Наурыз Сәуір	«Өрлеу» БАҰО» АҚ
-----	--	--	---------	-----------------	------------------

		тізіліміне мәліметтер енгізу туралы куәлік алу			
19.	Белгіленген тақырып бойынша бастауыш білім беру педагогтеріне арналған БАК-тың ББ-сын әзірлеу	БАК БББ әзірлеу бойынша жұмыс тобының құрамын бекіту БАК БББ әзірлеу туралы бұйрық БАК БББ әзірлеу БАК БББ-ға ішкі сараптама жүргізу ҚР ОАМ-нің Сараптамалық кеңесімен БАК БББ-ны келісу БАК БББ бекіту туралы бұйрық Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы куәлік алу	БАК БББ	Наурыз Сәуір	«Өрлеу» БАҰО АҚ

Ескертпе: аббревиатуралардың жазылуы:

ҚР ОМ - Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;

МДБД - Мектепке дейінгі білім беру департаменті;

ОБК - Орта білім беру комитеті;

Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА - Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы;

БЕДИ - Балаларды ерте дамыту институты;

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ҰЗББО - Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы;

ЖАО - жергілікті атқарушы органдар;

ТМДҰ - тірек мектепке дейінгі ұйымдар;

«Өрлеу» БАҰО – «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы;

ҚО - құзыреттілік орталықтары;

ББ - білім басқармасы;

ҚБ - білім бөлімі;

ТМ -тірек мектебі;

КП - ата-аналарға арналған консультациялық пункт;

БББ -білім беру бағдарламасы;

БАК - біліктілікті арттыру курстары;

МДТО - мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы). – 2021. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>

2. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы). – 2023. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық
http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/2022/12/rukovodstvo_kz_131222.pdf

МАЗМҰНЫ

1	ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА	3
2	ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҚТАРЫН ҚҰРУ	4
3	ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҚТАРЫ МЕН «ӨСУ НҮКТЕЛЕРІНІҢ» ҚЫЗМЕТІН СҮЙЕМЕЛДЕУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР	5
4	ҚОРЫТЫНДЫ	9
5	ҚОСЫМША	10
6	ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	20

*Разработаны на базе Института раннего развития детей
Министерства просвещения Республики Казахстан*

Методические рекомендации по сопровождению деятельности Центров компетенций и «точек роста»: Методические рекомендации. – Астана, 2025. – 41 стр.

Рецензенты:

Жиенбаева С.Н., к.п.н., профессор

Аскараева А.С., заведующая

Бекенова М.Д., методист

В методическом пособии представлены рекомендации по сопровождению деятельности Центров компетенций и «точек роста».

Данные методические рекомендации предназначены для руководителей, методистов и педагогов дошкольных организаций.

Методические рекомендации рассмотрены и рекомендованы Научно-методическим советом Института раннего развития детей МП РК (протокол № 5 от 28 апреля 2025 года).

Институт раннего развития детей, 2025 год

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

Государственная политика в сфере дошкольного образования направлена на повышение качества дошкольного воспитания и обучения через повышение ответственности участников воспитательно-образовательного процесса, создание равных стартовых возможностей для детей с раннего возраста через расширение доступа к дошкольному воспитанию и обучению и обеспечение безопасности жизни ребенка в семье и детском саду.

В 2020 году Президент Страны Касым-Жомарт Кемелулы Токаев поставил задачу интенсивно развивать дошкольное образование и разработать его модель.

